«Абай облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы» РММ басшының м.а.
Д.М.Солтаниянов

ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Бір көзден сатып алуды жүзеге асыруды негіздеу және сатып алу жоспарына өзгерістер енгізу туралы

«Шұңқыры бар бокс жалдау қызметі» бойынша конкурс рәсімі 4 рет өткізілгеніне қарамастан, өтінімдердің болмауына байланысты өткізілмеді деп танылды. Сонымен қатар, 16566259-1 лот нөмірі бойынша бір әлеуетті жеткізуші қатысқанымен, оның өтінімі қабылданбады. Осыған байланысты, іске асыру мерзімдерінің шектеулі болуына орай конкурстық рәсімдерді қайта өткізу мүмкін емес.

Сондай-ақ, «Автокөлік құралын күнделікті техникалық тексеру үшін механик қызметтері» бойынша сатып алу рәсімі 2 рет өткізілмеген болып танылды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, мерзімдердің бұзылуына жол бермеу және үздіксіз қызметті қамтамасыз ету мақсатында, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бір көзден сатып алуды жүзеге асыруды келісуді сұраймын.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Көлік вице-министрі Қалиақпаров М.К.-нің 2026 жылғы 25 ақпандағы хаттамалық тапсырмасын орындау мақсатында, 2026 жылғы 1 мамырға дейін кіруді бақылау және басқару жүйесін қосу үшін сатып алу жоспарына тиісті өзгерістер енгізу қажет. Аталған іс-шараларды уақытылы орындамау белгіленген мерзімдердің бұзылуына әкелуі мүмкін.

Қосымша хабарлаймыз, жаңа автокөлік техникасын қабылдау күтілуде, осыған байланысты MITSUBISHI L200 маркалы автокөлігіне жазғы шиналарды сатып алу қажеттілігі туындап отыр.

Сондай-ақ, техникалық тексеру актісіне сәйкес, автокөлік құралдарында және кемеде аккумуляторлық батареяларды тозуына және істен шығу қаупіне байланысты ауыстыру қажеттілігі анықталды.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, сатып алу жоспарына өзгерістер енгізу және сатып алуды жүзеге асыру негізделген және қажетті болып табылады.

Қосымша:

1. *Коммерциялық ұсыныстар – 3 дана*
2. *Техникалық тексеру актісі*
3. *Көлік вице-министрінің хаттамасы*

МҚКБ бас маманы **А.Ж.Ергалиева**